





Байдәулетов Сапабек

1925 жылы 29 мамырда Қостанай облысы Аманкелді ауданы Жаңаауыл ауылдық кеңесіне қарасты Байдәулет деген жерде дүниеге келген. 1942 жылы Ақтөбе облысының Ырғыз АӘК-нан соғысқа аттанған. Белорусь майданының Волинск жерінде, Венгрия, Польша қалаларын азат ету ұрыстарына қатысқан. Осы ұрыстарда көрсеткен ерлігі үшін «Қызыл Жұлдыз» орденімен, Берлин қаласына кіретін негізгі қақпа Бранденбургтегі ұрыста «Берлинді алғаны үшін» медалімен, «Гвардия» және бірнеше мерекелік медальдармен марапатталған. Әскер қатарында 1949 жылға дейін болып, елге оралады. 1955 жылы өзінің туған жері Аманкелді ауданына келіп, аудандық тұтынушылар одағының төрағасы, сауда орындарында жемісті еңбек етеді. Еңбектері бағаланып «Қазақстанның үздік сауда қызметкері» белгісімен марапатталады. 1992 жылы қайтыс болған.